

**Тасова Асел Баймурзаевна 6D010300 – Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыру» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысына**

**ПІКІРІ**

**1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі мен оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы**

Ізденушінің диссертациялық тақырыбы өзекті, өйткені еңбек құндылығы қалыптасқан, бәсекеге қабілетті, ұтқыр, кез-келген мамандықты жылдам игеріп, кәсіпке бейімделе алатын мамандарды кәсіби даярлауда әлем мойындап отырған болашақ мамандардың коммуникативтік креативтілік жүйесінің мүмкіндіктері зор. Болашақ мамандардың коммуникативтік креативтілігінің қалыптасуы - білім, ғылым және практиканың интеграциялануы, осыған сәйкес еліміздің біліктілігі мен сауаттылық деңгейін әлемге танытып, алпауыт мемлекеттермен тереземізді теңестіру мүмкіндігіне жетелейтін қадамдардың маңыздысы. Осы міндетті жүзеге асыру үшін бүгінгі білім беру жүйесіндегі өзгерістер болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыру қажеттілігін туғызды.

Қазіргі қоғам өмірінде болып жатқан саяси-әлеуметтік және экономикалық өзгерістердің еліміздің білім беру жүйесіне де ықпалы үлкен.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауындағы бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін бәсекеге қабілетті мамандар даярлау міндеттерін шешумен, «Қазақстанның әлеуметтік жаңартылуы: Жалпыға ортақ еңбек қоғамына қарай 20 қадам», Мемлекет басшысының «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында Адами капитал – жаңғыру негізі міндетінде кәсібін нәұрлым қиналмай, жеңіл өзгертуге, бәсекеге қабілетті, сапалы еңбек ресурстары ретінде мамандарды даярлау міндеттерінен туындайтын мәселелерді шешу жолдарын қарастырады.

Сол себепті, білім саласында қазіргі жасалып жатқан реформалар білімді де білгір, іскер, азаматтық белсенділігі мен шығармашылығы қалыптасқан, өздігінен шешімдер қабылдай білетін, стратегиялық мақсаттар қоя отырып, оларға қол жеткізе алатын, ізденімпаз, ұлттық ерекшелігімізді айқындайтын рухани мәдениетті, құзыретті мамандарды қажет етіп отыр.

## **2. Ғылыми нәтижелері мен оның негізделуі**

Зерттеу әдіснамасының қойылған мәселесіне сәйкестілігімен, зерттеу нысанының мазмұндық және процессуалдық сипаттарының теориялық деңгейде жан-жақты қарастырылуымен, оларды іс жүзінде қолдануға болатындығымен және ізденушінің осы бағыттағы практикалық жұмыс тәжірибесімен қамтамасыз етілген.

Зерттеу жұмысының ішкі бірлігі мен сабақтастығы ғылыми аппараттың жеткілікті дәрежеде және айқын тұжырымдалуымен, зерттеу кезеңдерінің педагогикалық экспериментпен дәлелденіп, тәжірибеге ендірілген оқу-әдістемелік құралдары және педагогикалық технологиялардың тиімділігі нақты көрсеткіштермен сипатталғандығымен, зерттеу нәтижелерінің дәлелділігімен, қорғауға ұсынылған қағидаларының дәйектілігімен, зерттеудің теориялық және практикалық маңыздылығымен нәтижелерінің практикаға енгізілуімен сипатталады.

## **3. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдаған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі мен оның шынайылық дәрежесі**

Диссертацияға қойылатын талаптар деңгейінде ғылыми нәтижелері.

Бірінші ғылыми нәтиженің тұжырымдалуы: болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастырудың теориялық негіздері айқындалды, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастырудың мәні анықталды, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастырудың әдістемесі жасалды және оның тиімділігі тәжірибелік-экспериментте тексерілді.

## **4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесінің (қағидасының), тұжырымдары мен қорытындыларының жаңалық дәрежесі**

Ізденушінің диссертацияда тұжырымдаған әрбір нәтижесі мен қорытындыларының жаңалық дәрежесі төмендегідей:

Бірінші нәтиже, Философиялық, психологиялық және педагогикалық әдебиеттерді жан-жақты талдау негізінде «коммуникативтік креативтілік» ұғымының мәнін анықтай отырып, «болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыру» ұғымын нақтылаған. «Коммуникация», «креативтілік», «коммуникативтік креативтілік» ұғымдарының өзара байланысының мәні және «болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыру» ұғымдарының мазмұны мен мағынасы теориялық тұрғыдан басқа ғылыми зерттеулерде тұжырымдалмаған, білім беру саласында жаңаша мазмұнда сипатталып, тұжырым жасалған.

Екінші нәтиже, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастырудың құрылымдық моделі мақсаттық, мазмұндық, іс-әрекеттік, нәтижелік тұрғысынан қарастырылып жасалған.

Үшінші нәтиже болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастырудың әдістері мен формалары инновациялық технологиялар негізінде қарастырылған.

Төртінші нәтиже де болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыру бойынша жүргізілген тәжірибелік жұмыстардың нәтижелері бойынша әдістемелік ұсыныстар автордың жеке көзқарасынан туындаған тұжырымдары болып табылады.

#### **5. Ғылыми нәтижелердің практикалық және теориялық нәтижелері.**

Зерттеудің нәтижелері ЖОО студенттеріне арналған 5В010200 – «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы студенттеріне арналған «Тұлғаның коммуникативтік креативтілігін қалыптастыру» атты элективті курсының бағдарламасы дайындалған және оның оқу-әдістемелік кешені құрастырылып оқу үдерісіне енгізілген. Жалпыға міндетті мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес кредиттік оқыту технологиясы жағдайында оқитын студенттерге арналған оқу-әдістемелік кешендер, оқулықтар, силлабустар, «Креативті педагогика» және «Қарым-қатынас мәдениеті» атты оқулықтар құрастырылып оқу үдерісіне енгізілген.

#### **6. Диссертация бойынша кемшіліктері және ұсыныстар**

1. Докторант диссертацияда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін зерттеу жасаған, әйтсе де осы зерттеуге тереңірек талдау жасағанда артық болмас еді, одан диссертацияның құндылығы артпаса кемімейді.

2. Диссертанттың «Тұлғаның коммуникативтік креативтілігін қалыптастыру» кешенді бағдарламасының мазмұны ауқымды да ұтымды жасалған. Оның тақырыптық жоспарлары мен жұмыс түрлері де көңілге қонымды шыққан. Алайда зерттеу жұмысында оның мазмұны толық қамтылғанда еңбектің практикалық тұрғыдан маңыздылығы арта түскен болар еді.

3. Диссертацияның жазылуында стилистикалық, орфографиялық қателер де кездеседі.

Көрсетілген кемшіліктердің шешімі жеңіл, сондықтан ғылыми талапқа сай жазылған еңбектің құнын төмендетпейді.

#### **7. Ғылыми дәрежелерді бекіту Ережесіндегі талаптар шеңберінде диссертация мазмұнының сәйкес келуі**

Диссертация нәтижелері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті бекіткен

ғылыми басылымдары: Ғылым және өмір, Ресей халықтар достығы университетінің хабаршысы, «Молодой ученый», Скопус базасындағы ғылыми журналдарда, халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинақтарында жарияланған және баяндалған.

Тасова Асел Баймурзаевнаның 6D0103000 – Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін даярлаған «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыру» атты тақырыбында орындалған докторлық диссертациясын қорғауға ұсынуға болады және Қазақстан Республикасының Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитетінің «Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің» талаптарына сәйкескеледі.

Ізденуші Тасова Асел Баймурзаевнаның 6D0103000 – Педагогика және психология мамандығы бойынша (PhD) философия докторы ғылыми дәрежесін беруге болады деген қорытынды жасаймын.

**Рецензент,  
педагогика ғылымдарының  
докторы, профессор**



Қолы  
Подпись **С.Н. Жиенбаева**  
Растайым: Азамат Жемісбектің басқару педагогикалық университеті персоналды басқару бөлімінің бастығы  
Заверено: Начальник отдела по управлению персоналом Казахского государственного женского педагогического университета